



**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде
«Отбасылық дәстүрлер құндылығы балалар көзімен» республикалық
интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде **«Отбасылық дәстүрлер құндылығы балалар көзімен»** республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі – Байқау) мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында ұйымдастыру және қашықтықтан өткізу ережелері байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – өз отбасының тарихын зерттеу арқылы білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен ізденушілік-зерттеушілік шығармашылығын дамыту.

3. Байқау міндеттері:

жеке тұлғалық, отбасылық және ұлттық рухани құндылықтарға қызығушылығын қалыптастыру;

отбасылық құндылықтарды, дәстүрлерді бекіту және дамыту;

отбасылық дәстүрлерге деген сүйіспеншілік және сыйластық сезімін тәрбиелеу;

дарынды балаларды анықтау және қолдау.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары әділқазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау **2017 жылғы 1 қыркүйек пен 2 қараша** аралағында **onlinekonkurs@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

2017 жылғы 2 қарашадан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды. Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, жеңімпаз балалардың жетекшілеріне алғыс

хаттар қатысушылардың сертификаттары, **2017 жылғы 10 қарашада** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

7. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

8. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **1500 (бір мың бес жүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

АО БанкЦентрКредит

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

Төлемақының мақсаты: «**Отбасылық дәстүрлер құндылығы балалар көзімен**» байқауы.

9. Байқауға қатысу үшін **onlinekonkurs@mail.ru** электронды поштасына келесі құжаттарды жіберу қажет.

1) төменде берілген үлгіге сәйкес өтінімді;

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекенжайы	Білім беру ұйымның атауы (ҚММ, ММ, КМҚМ), жасы	Байқаудың аталуы, номинациясы	Байланыс телефоны	Жетекшісінің аты-жөні (жұмыс орын, лауазымы, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7

2) сканерден өткізген төлемақы құжатын (түбертік немесе төлем тапсырмасы);

3) электронды түрде байқау жұмысын.

Анықтама телефондары: 8(7172) 249 303 («Отбасылық дәстүрлер құндылығы балалар көзімен»).

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

10. Байқауға 4-17 жас санаттарындағы балалар қатыса алады:

1) 4-6 жас;

2) 7-10 жас;

3) 11-14 жас;

4) 15-17 жас.

11. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Менің отбасымның тарихы» зерттеу жобасы;

2) «Отбасы және оның дәстүрлері» үздік презентация»;

3) «Адам өміріндегі отбасының рөлі» эссе.

12. Келесі талаптарға сәйкес байқау жұмыстары қабылданады.

«Менің отбасымның тарихы» номинациясы бойынша материалдар зерттеу жобалар түрінде қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.

Жұмыстар компьютерлік терімнің негізгі талаптарына сәйкес А4 форматында, 14 шрифтімен, жоларалық интервалы –бір жол. Ұсынылған электронды материалдың (қосымшасыз) көлемі 5 баспа беттен аспауы тиіс.

Олардың нақтылығын растайтын (фотолар, мұрағат құжаттарының көшірмелері және т.б.) материалдар қосымша ретінде ұсынылады.

«Отбасы және оның дәстүрлері» үздік презентация» номинациясы бойынша байқау жұмысы Microsoft Office PowerPoint (кез келген нұсқасы) форматында орындалады, (фотосуреттерден, суреттерден, кестелерден) құралған 6 слайдтан артық болмауы керек. Слайд-презентация дикторлық мәтін немесе музыкамен сүйемелдене алады.

«Адам өміріндегі отбасының рөлі» номинациясы бойынша эссенің көлемі А 4 форматындағы 1 беттен аспауы тиіс, аралық жол – 1,5, қаріп – Times New Roman 14.

13. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

байқау тақырыбына, мақсатына және номинациясына сәйкестігі;

ақпараттың түпнұсқалығы, мазмұндылығы және нақтылығы;

ақпаратты ұсыну толымдығы және орындылығы;

баяндау тілінің мәнерлілігі, нақтылығы және ашықтығы;

байқау жұмысын сауатты және эстетикалық орындалуы.

14. Басқа адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға тыйым салынады. Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық сахналарының көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кемсітетін кез келген ақпарат болмауы қажет.

15. Байқау жұмысының титул парағында мыналар көрсетіледі:

автордың аты-жөні;

автордың жасы;

облыс, аудан (қала) немесе ауыл;

білім беру ұйымының аталуы;

байқаудың аты және номинациясы;

байланыс телефоны, электронды поштасы;

жетекшісінің аты-жөні;

жетекшісінің лауазымы және жұмыс орны.

16. Байқауға тек жеке жұмыстар және бір қатысушыдан бір немесе екі жұмыстан артық қабылданбайды. Әр номинация бойынша әр жеке жұмыс үшін төлемақы қабылданады.

4. Байқауды қорытындылау

17. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

18. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттардың, қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!/c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады.

Дипломдарды, сертификаттарды, алғыс хаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Бастапқы бет → Республикалық іс-шаралар → «Отбасылық дәстүрлер құндылығы балалар көзімен» байқауы → әрі қарай.

Анықтама телефоны: 7 (7172) 249 303 («Отбасылық дәстүрлер құндылығы балалар көзімен» байқауы).

1-қосымша

**«Отбасылық дәстүрлер құндылығы балалар көзімен»
республикалық интернет-байқауының титул парағын толтыру үлгісі**

Номинация:

Тақырыбы:

Жұмыстың авторы:

Білім беру ұйымының мекенжайы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы,
Шарбақты ауылы, №1 орта мектебі, 11 жас.

Жетекшісі:

2017 ж.